



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

коварство, жестокость, агрессивность, цинизм, лживость и прочее, формируются в девушках очень рано.

Список использованных источников:

1. Зиядова Д.З. Неблагополучная семья – криминогенный фактор подростковой преступности // Следователь. – 2002. – №9.
2. Пирожков В.Ф. Криминальная психология. – М., 2001.
3. Кирюшина Л.Ю. Личность женщины в механизме преступления и ее значение для криминалистической методики расследования преступлений отдельного вида :дис. ... канд. юрид. наук. – Барнаул. 2007.
4. Ильин Е.П. Дифференциальная психофизиология мужчины и женщины. – СПб., 2006.
5. Тришина Н.Т. Проверка показаний на месте: психологические аспекты // Вестник криминалистики / отв. ред. А.Г. Филиппов. – Вып. 2 (34). – М., 2010.
6. Урусов А.А., Савельев А.И. Психологические особенности личности несовершеннолетних с противоправным поведением // Актуальные проблемы борьбы с преступностью в Сибирском регионе : сб. матер. межд. науч. конф. – Красноярск, 2007. – Ч. 1.
7. Кругликова О.В. Личность преступника, совершающего мошенничество в сфере потребительского кредитования // Сборник материалов криминалистических чтений. – Барнаул, 2010.

УДК 344

КИБЕРҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ: ҰҒЫМЫ, ЖАҒДАЙЫ, ҚЫЛМЫСТЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Мұқаметқазинов Аян Сымбатұлы
ayan.mukamet@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Құқықтану» мамандығының
1 – курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Муратханова М.Б.

Біз компьютерлік және телекоммуникация жүйесінде, адам және мемлекет өмірінің барлық салаларын қамтитын ақпараттық қоғам дәуірінде өмір сүреміз. Бүгінгі таңда, виртуалды кеңістікте жұмыс істейтін қылмыскерлердің құрбанына біз ғана емес, сонымен бірге мемлекет болуы мүмкін. Кибер кеңістікте жасалған қылмыстардың саны, компьютерлік желілерді пайдаланушылардың өсу санымен қатарласып артып келеді. Интернет желісінде қылмыстың жасалуы және өсу қарқыны, Интерполдың бағалауы бойынша, әлемде ең жылдам жасалатын қылмыстың түрі болып табылады. Әлем және Қазақстан үшін киберқылмыстың қаупті екенін парламент мүшелері де мойындайды. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Смағұлов А.А. айтуы бойынша «Қазақстанның азаматтық және қылмыстық заңнамасы қазіргі уақытта киберқылмыстардың толық спектрін қамтымайды» - деп тұжырымдаған.

Киберқылмыстың қылмыстық-криминологиялық аспектілері, құрылымы, динамикасы мен факторлары, оның детерминанттары, киберқылмыспен жасалған әрекеттің жауапкершілігін көздейтін ұлттық және халықаралық қылмыстық құқық нормаларын қоса алғанда, осы құбылысқа қарсы қылмыстық құқықтық күресу мәселелері болып табылады.

Компьютерлік қылмыстар үшін сот жауапкершілігін алғаш рет 1997 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тек бір баппен қамтамасыз етілді.

227-бап. «Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату» 7-тарауында «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар» [1].

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ішкі істер органдары қызметіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылы Қылмыстық кодексіне өзгертулер енгізілді, оған сәйкес ҚР ҚК-нің 1-бабы «Ақпараттық технологиялар қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» [2].

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа – Қазақстанның (екінші) Қылмыстық кодексі күшіне енді. Тіпті заң шығару жұмысының кезеңінде де Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігін қорғауды күшейту қажеттігіне назар аударды. Осылайша, сарапшылар әділ түрде қылмыстық заңның қазіргі жағдайы тұрақты өзгерісінде, әсіресе ақпараттық технологиялар, медицина, экология, қала құрылысы және сәулет іс-қимылдары саласындағы заманауи заңсыз қол сұғушылықтардың қылмыстық-құқықтық реттеуінің жоқтығы және айқын дәйектіліктің болмауымен сипатталды [3].

Компьютерлік ақпарат саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік ережелері Қазақстанның жаңа Қылмыстық кодексінде 7 тарауында берілген «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және 9 негізгі құқық бұзушылықты қамтиды.

2017 жылдың қаңтарынан Қазақстан Республикасында мыңнан астам киберқылмыс тіркелді. Сонымен қатар мұндай қылмыстарды анықтау 3% - дан аспайды. Нәтижесінде, 2017 жылғы жаһандық киберқауіпсіздік индексіне Қазақстан Республикасы 165 мемлекет арасында 83-ші орында орналасқан. Республикамыз 10 орында орналасқан Ресей Федерациясынан сонымен қатар 8 орында орналасқан Грузия елінен көптеп артта қалып келеді. Бұл туралы ҚР Бас прокуратурасының Құқық қорғау органдары Академиясының ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының қоғамдық мүдделерін қорғау саласындағы проблемаларды зерттеу орталығының бас зерттеушісі Ләззат Теміржанова ғылыми-практикалық конференция барысында мәлімдеді. «Бұл қылмыстардың негізгі проблемасы – бұл қылмыстарды тергеуде жұмыс істейтін қызметкерлердің жеткіліксіз біліктілігі. Яғни IT-технологиялар саласындағы арнайы білікті маман қажет. Киберқылмыстылыққа қатысты істердің көп пайызы мөлшерде тоқтатылуы жеке тұлғаларды анықтау мүмкін еместігінен болады. Мәселе киберқылмыскерлерді таба алмайтындығынан көрінеді. Бұл адамдар шет елде жасырынып, киберқылмыспен қашықта айналысып қол жеткізеді. Киберпроблемалар барлық жерде байқалады», - дейді құқық қорғау академиясының бас зерттеушісі [4].

2017 жыл 5 тамызда Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 25 жылдығына орай Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ақпараттық желілерде жаһандық қатерлер жариялады. «Біз қазір Қазақстандағы ақпарат, барлық өмірді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Цифрлауды қоса отырып, киберқауіпсіздік де келеді. Біз тек бұл мәселені талқыладық. Мемлекеттің қорғалуын қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты инвестициялау қажет. Біз ЕурАзЭҚ аясында және тұтастай алғанда ТМД шеңберінде қарастырамыз. Бұл үдерісте ұлттық қауіпсіздік органдарына интеллектуалды әлеует маңызды рөл атқарады», - деді Мемлекет басшысы [5].

Елімізде киберқылмыс бойынша статистика өсіп келеді. Осыған орай, Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік қауымдастығы төрағасы Виктор Покусов қазақстандықтардың көбіне зардап шегетін киберқауылдардың түрлерін келтірді. «Боттардың көмегімен жасалған шабуылдар, яғни шабуыл жасайтын автоматтандырылған жүйелер, зиянды бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданумен шабуыл жасалады. Бұл шабуылдардың екі түрі жалпы санының 60% -ын құрайды» - деді, Виктор Покусов.

Сарапшылар атап өткендей, маңызды ақпараттың ағып кетуіне байланысты жағдай орын алса, бұл көбінесе қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін орын алады.

Екінші орында - компьютерге әртүрлі кедергілер және қашықтан кіру жүйелерін енгізу. Үшінші орында - рұқсатсыз кіру», - деп түсіндірді қауымдастық төрағасы. «Танымал тұлғалар үшін жалған шоттар жасалатын жағдайлар көп, олар фотосуреттерді таратады және

бұл беделді төмендету үшін жасалады». Бұл ақпараттық шабуылдарға қатысты», - деді киберқауіпсіздік жөніндегі маман [6].

Бұдан бұрын бәсекелес интеллектуалдық және желілік технологиялар саласындағы жетекші сарапшылардың бірі Андрей Масалович әлемді күтетін жаңа кибершабуылдар туралы айтып берді. Бір жыл бұрын ешкім ештеңе білмеді, дейді сарапшы. Мұндай қауіп-қатерлерге киберқылмыскерлерді кибер-қаруды қолданумен жасалған шабуылдар жатқызады.

Сондықтан, қазіргі норма компьютерлік техника саласындағы қылмыстарды алдын-алуға және оларға қарсы күресуге жеткіліксіз екенін мойындау керек. Бұл компьютерлік қылмыстарды жасауға бағытталған іс-әрекеттердің тым көп болғандығына байланысты, қылмыстардың осы санаты әртүрлі көріністерге ие және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-тарау.«Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» заңына сәйкес қылмыскерлер жазасыз қалады.

Осыған орай жеке нормативтік құқықтық акті - «Компьютерлік қылмыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау қажеттігін көріп отырмын, ол компьютерлік қылмыстардың әртүрлілігін, олар үшін жауапкершілікті, сондай-ақ компьютерлік құқық бұзушының жеке басын ескереді. Айта кету керек, компьютерлік қылмыс жасаған қылмыскердің өзіндік ерекшелігі де қылмыстың өзі сияқты көп қырлы. Бұл факт аталған нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттігін тағы да дәлелдейді. Осы заң жобасын тез арада әзірлеу және қабылдау қажеттілігі компьютерлік технологияларды тарату арқылы компьютерлік қылмыстар үшін құқықтық жауапкершілік пен жауапкершілікті күшейту мәселелеріне айрықша мән береді.

Қоғам өмірінде компьютерлік технологияларды қолдану үнемі өсіп келеді және осы саладағы қылмыстардың өсуіне ықпал етеді, алайда белгілі бір ұғымдар мен терминдердің түсіндірілуіне байланысты Қылмыстық кодекстің қолданыстағы нормаларын қолдануда қиындықтар тудырады.

Қазақстанда мамандарды даярлау арқылы киберқауіптерден қорғауға бағытталған бағытты әзірлеу қажет. Сондай-ақ, хакерлердің айыппұлдарын күшейту керек. Сонымен қатар, Бас прокуратураның Құқықтық статистика комитеті базасында кибершабуылды, киберқауіпсіздікті бақылауды реттейтін өзінің ұлттық орталығын құру туралы ұсынамын.

Қазақстан аумағында киберқылмыспен күресу бағытында, мынадай шешімдерді ұсынуға болады:

— біріншіден, «Киберқылмыстылық туралы» жеке заңды қабылдауды ұсынамын. Осыған байланысты заңды қабылдау арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жетілдіру үшін бар әлемдік тәжірибені табысты пайдалана аламыз.

— екіншіден, киберқауіптерден қорғауға бағытталған арнайы мамандарды әзірлеу керек.

— үшіншіден, Бас прокуратураның Құқықтық статистика комитеті базасында кибершабуылды, киберқауіпсіздікті бақылауды реттейтін өзінің ұлттық орталығын құру туралы ұсынамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан/ под ред. И. И. Рогова, С. М. Рахметова. Алматы: Баспа. -1999. -С. 496.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 200-V Заңы (2015.29.10. берілген өзгерістермен)

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Жоба) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31317962&doc_id2=31140848#pos=5;-82&pos2=2;-82

4. <http://abctv.kz/ru/news/raskryvaemost-kiberprestuplenij-v-kazahstane-ne-prevyshaet-3>
5. <http://abctv.kz/ru/news/v-vek-gibridnyh-vojn-knb-dolzhen-byt-gotovym-k-lyubym-zadac>
6. <https://informburo.kz/novosti/specialisty-nazvali-lidiruyushchie-vidy-kiberprestupnosti-v-kazahstane.html>

УДК, 328.185(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚЫ ҚАРСЫ КҮРЕС САЯСАТЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Набиденова Гульдана

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих экономика және құқық факультетінің 2курс студенті, Орал, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - з.ғ.м, аға оқытушы Самуратова А.У.

Қылмыстық саясат - бұл мемлекеттің құқықтық тұрақтылық пен қылмыстық ахуалды оңтайландыруды қамтамасыз ету жолындағы тиісті құбылыстарды бақылау мен басқару арқылы адамды қылмыстан сақтандыру мен қылмыстылықты жоюды жүзеге асыру қызметі.

Бұл қызметін мемлекет - азаматтардың, қоғамдық ұйымдармен қозғалыстардың, мемлекеттік арнайы органдардың қызметін қаржыландыру немесе белгілі-бір әрекетке рұқсат беру жолымен пайдаланады.

Қазақстан өз Тәуелсіздігін көздің қарашығындай сақтап, қызғыштай қорғауы керек. Астанада өткен халықаралық конференцияда Батыстан және орталықазиялық көршілерімізден келген саясаткерлер мен саяси сарапшылар егемендігін жойған мемлекеттің қандай аянышты күй кешетіндігі жөнінде ойларымен бөлісті. Мысалға, тікелей Мәскеуге бағынған, еліміздегі бар саясатты нән сағатты Кремль шешкен заманнан елімізге аса ауыр «мұра» қалыпты, Қазақстан оның зардабын әлі жою үстінде екен.

Негізі, 200-дей қонақ қатысқан бұл жиын Қазақстан мен Орталық Азиядағы қылмыстық-атқару заңнамасын реформалауға арналған болатын [1].

– Аузы-мұрнына шыға толған түрмелер, сотталғандарды отрядтық-баракты жағдайда ұстау, лайықсыз гигиена, бас бостандығынан айыру орындарындағы жоғары өлім-жітім – Қазақстанға өз Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында осындай проблемаларды шешуге тура келді, – деп еске алды Бас прокурордың орынбасары Жақып Асанов. – 80-жылдардың ортасында 100 мың қазақстандыққа 676 сотталушыдан келді. Бұл қазіргі уақыттағыдан 2,5 еседен арттыққа көп!

Ол төбе шашты тік тұрғызған бір мәлімет келтірді: 90-жылдар басталғанда күні санаулы қалған Кеңес Одағында барлығы 700 мың сотталғандар болыпты. Соның 100 мыңы, яғни әрбір жетіншісі біздің елімізде орналасқан колонияларда жазасын өтеп жатқан!

«1996 жылы «түрме тұрғындары» индексі бойынша Қазақстан бүкіл әлем бойынша АҚШ пен Ресейден кейінгі үшінші орында тұрды. Шынын айтқанда, кеңестік репрессия саясаты біздің республикамызға «лагерьлер елі» «қамытын» кигізді» деп ашығын айтты Бас прокурордың орынбасары. Тәуелсіздіктің 20 жылдан астам уақыты ішінде Қазақстан «түрме индексі» жаһандық рейтингінде 3-тұғырдан 35-орынға дейін түсіп, жағдайын жақсарта алды. «Бұл үшін ондаған заң қабылданды, 7 рақымшылық жасалды. Яғни Қазақстанда қылмыстық саясатты ізгілендіру үрдісі енді жеткілікті түрде орнықты» деп мәлім етті Жақып Қажманұлы.

Батыстан келген мәртебелі меймандар да Қазақ елінің жетістіктеріне, дамыған әлеммен бірге қозғалысына қуанатындарын жеткізді.

– Қазақстанда соңғы жылдары қолайлы саяси жағдай қалыптасты, – деп жоғары бағалады Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) Орталығының